

**С.С. Букешова** \*

*Әлеуметтік ғылымдар магистрі, оқытушы*  
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*  
*Алматы, Қазақстан*  
[bukeshovas@mail.ru](mailto:bukeshovas@mail.ru)

**А.Т.Сахыбаева**

*Психология ғылымдарының магистрі, директор*  
*«Intellectum Тараз» ЖШС, «MEGA Тұлға» балаларды дамыту орталығы*  
*Тараз, Қазақстан*  
[maierkew@mail.ru](mailto:maierkew@mail.ru)

## МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА КОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

**Аңдатпа:** *Кіші мектеп жасындағы балаларға коррекциялық жұмыстар жүргізу мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Бұл ғылыми мақалада авторлар мектеп жасындағы балаларға түзету жұмыстарын жүргізу құралы ретінде ойыншықтар мен ойындарды пайдалануды ұсынып отыр. Ойын терапиясы балалармен де олардың ата-аналарымен де жұмыс дасау барысында пайдалануға болатын құрал болып табылады. Мақалада зерттеу жұмысын айқын көрсету үшін сауалнама әдісі, библиографиялық әдіс, бақылау әдісі пайдаланылды. Сонымен қоса, нақты кездескен жағдайлардан кейтер ұсынылып төменге түзету жұмысы үшін пайдаланылған ойындар мен олардың нұсқаулығы көрсетілді. Зерттеу базасы ретінде Тараз қаласында 2016 жылдан бері ойын терапиясын негізге ала отырып жұмыс жасайтын «MEGA Тұлға» балаларды дамыту орталығы алынды. Орталық 3-14 жас аралығындағы балаларды қабылдап, оларды түзету жұмыстарын жүргізеді. Орталықта 30 дан астам балалардың интеллектуалды қабілеттерін арттыратын ойыншықтар түрлері бар. Балалармен дұрыс қарым-қатынас орнатып, коррекциялық жұмыстар жүргізу барысында арнайы құралдарды дұрыс таңдау мәселесі тұрады. Ал ойын терапиясы осы жағдайда әмбебап болып отыр. Шет елдерде психологияның бұл бағыты қаоқынды дамығанымен Қазақстанда енді назар аударылып, зерттеліп келе жатыр. Сол себептен де мақаланың тақырыбы мен бағыты өз өзектілігін жоғалтпайды.*

**Тірек сөздер:** *ойын терапиясы, балалар, психолог, кіші мектеп жасы, коррекциялық жұмыс, зейін, гипербелсенділік, сөйлеу дамуы, психикалық процестер*

**Кіріспе.** Ойын терапиясы – балалар мен ересектерге психологиялық және психотерапиялық әсер етудің бір әдісі болып табылады. Бұл әдістің негізін ойын құрайды. Тұлға болып қалыптасу жолында ойынның тигізер әсері мен пайдасы сан қырлы екендігін атап өту қажет. Ойын қолайлы атмосфера қалыптастыруда, ойынға қатысушылар арасында жылы және сенімді қарым-

қатынас қалыптастыруда, қорқыныш, мазасыздық және жайсыздық сезімдерінен босап шығып, өзіне деген сенімділікті арттыруды, қатынас жасау барысында өзіне және өзінің күшіне сенуде таптырмас құрал болып табылады. Ойын барысында баланың өзі сезімдері мен жағымсыз ойларын, эмоциялары мен агрессивті күйін сыртқа шығаруға мүмкіндігі мол болады.

*Зерттеу жұмысының өзектілігі:* ойын терапиясы мен ойын элементтерін мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасау барысында тиімді пайдалану болып отыр. Бұл тақырып кеңінен танылғанымен Қазақстан көлемінде зерттелу аясы тар болып отыр. Осы ғылыми мақалада тек теория жүзінде ғана емес тәжірибе жүзінде де балаларға және олардың ата-анасына кеңес беру барысында ойыншықтар мен ойын терапиясын пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктерін қамтып өтетін боламыз. *Зерттеу жұмысының жаңалығы:* ойын элементтерінің кеңес беру барысында құрал ретінде пайдаланылып, Тараз қаласында балаларды дамыту орталығында нәтиже көрсетіп келе жатқандығын осы мақалада ғылыми негіздермен жеткізетін боламыз.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысын жүргізу барысында библиографиялық әдіс пайдаланылды. Ойын терапиясы туралы түрлі ғалымдардың ақпараттары мен анықтамалары сараланды. Сонымен қоса, бақылау әдісі пайдаланылды.

*Библиографиялық әдіс* – әлеуметтанудағы сапалы зерттеу әдістерінің бірі социологиялық номинализм мен социологиялық конструктивизм парадигмаларына негізделген. Бұл тәсіл өмір туралы оқиғаларды бағалауды және өлшеуді қамтиды, олар өмір сүргендердің атынан Өмір туралы куәліктермен баяндалады немесе жеткізіледі. Әдістеме хаттардан, сұхбаттардан, күнделіктерден, бақылау жазбаларынан ақпарат жинауды, сондай-ақ оларды кейінгі талдауды қамтиды [1].

*Бақылау әдісі* – зерттеу объектісінің мінез-құлқын мақсатты және жүйелі бақылауға және бекітуге бағытталған сипаттамалық зерттеу тәсілі [2].

*Сауалнама әдісі* - зерттеушілердің ақпаратын жинау құралы ретінде арнайы әзірленген сұрақтар тізімін

(сауалнаманы) пайдаланатын ауызша қарым-қатынастың психологиялық әдісі. Әлеуметтануда сауалнама – мінез- құлық пен оқиғаларды болжау мақсатында Қоғамның жай-күйі, қоғамдық пікір, саяси, әлеуметтік шиеленістер туралы статикалық (бір анкета) немесе динамикалық (бірнеше анкета) статистикалық идеяларды құрастыру үшін қолданылатын зерттеу әдісі [2].

**Зерттеу нәтижелері:** Тақырыптың өзектілігін саралай келе жоғарыдағы аталған зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тақырыпты зерттеуге тырыстық. Зерттеу жұмысының осы бөлімінде зерттеу нәтижелерін бөлісетін боламыз. Зерттеу базасы: Тараз қаласындағы «MEGA Тұлға» балаларды дамыту орталығы. Бұл орталыққа 3-14 жастағы балалар ата-аналарымен кеңес алуға келетіндіктен мақаланың тақырыбын толық ашуға көмектесе алатын база болды. Сонымен қоса, орталық ойын терапиясымен балаларға кеңес әрі қолдауды соңғы 7 жыл көлемінде көрсетіп келді. Сол үшін де осы жылдар аралығында жинақталған тәжірибе мен кейстерді және ойын терапиясының мектеп жасындағы балаларға құрал ретінде пайдаланудан шыққан нәтижелерді осы ғылыми мақаладан көре аласыздар.

«MEGA Тұлға» балаларды дамыту орталығы 30-дан астам ойын түрлерін балаларға кеңес беру және түзету мақсатында тиімді пайдалануда. Төменде балалармен жұмыс жасау барысындағы бірқатар кейтермен бөлісуді жөн санап отырмыз:

*Кейс №1:* Ата-ана өзінің 8 жасар баласының жазуының анық еместігіне және есте сақтау қабілетінің төмендігіне шағымданып келді. Бала бір орында отыра алмайды. Психологпен жұмыс барысында ештеңе айтқысы келмейді. Оқшауланып, жұмыс жасаудан түбегейлі бас тартады.

Жоғарыда аталған жағдайларды ескере келе баламен жұмыс жасау кезінде ойыншықтар мен ойын терапиясын пайдалану қажеттігі белгілі болды. Баламен 3 ай көлемінде үздіксіз жұмыс жасау барысында бірқатар ойыншықтар пайдаланылды.

Біріншіден, баланың жазу үлгісінің сапасы төмен болғандықтан, оның білек күшімен жұмыс жасау қажет екендігін білеміз. Демек, ойыншықтарды таңдау барысында баланың білек бұлшық еттерін толық жұмыс жасауға жұмылдыратын «Pomela» ойыншығы пайдаланылды.

«Pomela» ойыншығы – ағаш конструкциялардан құралған. Ішінде: алма ағашының имитациясы, 10 дана алма, құмсағат, 2 қасық секілді таяқша, алмаларды жинақтауға арналған себет бар.

*Нұсқаулық:* бұл ойынды бір немесе екі бала ойнай алады. Психолог алдынала түсіндіріп, нұсқаулық береді. Балаға себеттегі алмаларды ағаш таяқшалармен алма ағашына ретімен орналастыру тапсырмасы беріледі. Тапсырма орындау барысында баланың білектеріне басым күш түсіп, кернеу пайда болады. Бұл тапсырма баланың білек бұлшық еттерінің шынығуына мүмкіндік береді.

Тапсырманы жұппен орындау барысында балалар дұрыс коммуникацияға түсуді, бір-бірімен келіссөздер жүргізу, бәсекелестік сынды қабілеттерді қоса меңгереді.

Equilibrio ойыншығы – 18 фигуралық элементтер арқылы түрлі конструкцияларды құрайтын 3D модельдеу. Ойыншық ішінде арнайы кітапша және 60 деңгей бар. Оның қиындық деңгейі 5-ке бөлінеді. Бұл ойынды бала психологтың сүйемелдеуімен жеке орындайды. Ойын барысында бала жеңілден қиынға қарай жүреді. Сонымен қоса, тапсырмаларды ақырын, байыппен орындау үшін

баланың бойында бір орында отыру және партада отыру қабілеттері жетіледі.

Баламен жұмыс жасау барысында баланың зейінінің тұрақсыздығы байқалды. Ал зейіні тұрақсыз баланың жазу каллиграфиясы жақсы болуы ықтималдығы төмен. Сол себептен де кеңес беру барысында ойындармен қатар жазу және сызу сабақтары қатар жүргізілді.

Балалардың жазу каллиграфиясының бірден бір себебі зейінінің шашыраңқылығы және гипербелсенділік болып отыр.

Зейін тапшылығының гиперактивтілігінің бұзылуы (ЗТГБ) - балалық шақта жиі кездесетін нейрорпсихиатриялық бұзылулардың бірі. ЗТГБ балалар популяциясында кеңінен тараған.

Әдетте гипербелсенділік пен импульсивтілік 3 және 7 жас аралығында пайда бола бастайды. Гипербелсенділік баланың үнемі қозғалыста болуымен, қысқа уақыт аралығында, тіпті сабақ барысында тыныш отыра алмауымен, тым көп сөйлеп, өте көп сұрақтар қоюымен сипатталады. Импульсивтілік оның ойланбастан әрекет ететіндігінде, өз кезегін күте алмайтындығында, тұлғааралық қарым-қатынаста шектеулерді сезінбейтіндігінде, әңгімелерге араласып, басқалардың сөзін жиі үзетіндігінде көрінеді. Мұндай балалар көбінесе өзін-өзі ұстай алмайтын немесе тым темпераментті деп сипатталады. Олар өте шыдамсыз, дауласады, шу шығарады, айқайлайды, бұл көбінесе қатты тітіркенудің пайда болуына әкеледі. Импульсивтілік «қорқыныштың болмауымен» бірге жүруі мүмкін, нәтижесінде бала өзіне немесе айналасындағыларға қауіп төндіреді (жарақат алу қаупі жоғары). Ойындар кезінде энергия өте көп талап етіледі, сондықтан ойындардың өзі жойқын сипатқа ие болады. Балалар ұқыпсыз,

жиі лактырады, заттарды немесе ойыншықтарды сындырады, тентек, ересектердің талаптары мен нұсқаулықтарына бағынбайды, агрессивті болуы мүмкін. Көптеген гиперактивті балалар өзінің қатарластарымен салыстырғанда сөйлеу қабілеттерінің төмендігімен ерекшеленеді [3].

*Кейс №2:* 7 жасар баланың анасы баласының сөйлеу тілінің өз қатарластарынан төмен екендігін байқаған. Сол себептен де баланы арнайы мамандардың көмегіне сүйене отырып түзету жұмыстарын жүргізу дұрыс деп санаған. Сәйкесінше, ойын терапиясын пайдаланатын орталықты таңдап келген.

*Себеп:* Бала өзге мамандармен жұмыс жасау барысында нақты нәтиже көрсетпеген және мамандармен жұмыс жасаудан түбегейлі бас тартқан.

Баламен жұмыс жасау кезінде сөйлеу тілін жақсартуға көмектесетін төмендегідей ойыншықтар пайдаланылды:

*Whatzizz* ойыны – арнайы карточкаларда бейнеленген суреттері бар ойын. Сонымен қоса арнайы айна жақтаушалары бар. Бала айна жақтаушаларға қарай арқылы суреттің бөлшектерінен толық суретті тауып, атайды. Тапсырманы орындау барысында бөлшектен бүтінге қарай жүретін баланың логикалық ойлауын да жақсартуға болады. Баланың ойын барысында сөзік қоры молайып, сөздерді бірнеше рет қайталату арқылы сөйлеу тілі анық бола бастайды.

*Legolino ойыны* – ағаш және қатты қағаз (картон) негіздерден құралған ойын. Жұппени немесе жекелей ойнауға болады. Жеңіл және қиын деңгейлі тапсырмалары бар. *Tangramlar* ойынының мектеп жасындағы және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жеңіл деңгейлі аналогы.

Ағаштан құралған 7 элементі арқылы арнайы тапсырмаларды орындап құрастыру қажет. Құрастырып болғаннан кейін психолог фондағы суреттерге қарап әңгіме құрастыру тапсырмасын береді. Сонымен қоса, сондағы суреттердің басым бөлігі жануарларды бейнелейтіндіктен сол жануарларды дыбыстау тапсырмасын қоса беруге болады.

Сөйлеу дамуының кешігуі-бұл физиологиялық, психологиялық, жеке ерекшеліктерге байланысты және психокоррекцияны қажет ететін кең медициналық-психологиялық диагноз. Ол нормадан ауытқуы бар балалардағы ерте сөйлеу дамуын сипаттауда қолданылады, мұнда сөйлеу бұзылысының түрі әлі белгісіз [4].

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар сөйлеуді өз бетінше меңгере алмайды. Қарым-қатынаста ауызша коммуникативті белсенділіктің төмен деңгейі байқалады. Белсенді сөйлеуде де, кері сөйлеуді түсінуде де бұзушылықтар бар. Мұндай бұзылулары бар балалар логопед пен ересектердің арнайы көмегінсіз еркін қарым-қатынасты игеру қиынға соғады, өйткені олар қарым-қатынас функциясынан зардап шегеді. Толық дамымау реттеуші және жалпылау функцияларының бұзылуынан көрінеді, өйткені сөйлеу психикалық процестермен байланысты [5].

Сөйлеу дамуының кешігуі тәуелсіз диагноз ретінде де, одан да ауыр бұзылулардың симптомы болуы мүмкін. Сөйлеудің кешігуінің симптомы ретінде психикалық дамудың кешігуі, ОЖЖ-нің органикалық зақымдануы байқалуы мүмкін [6].

Баламен жұмыс жасай отырып, ең алдымен арада сенімділік орнатылды. Бала ойыншықтарды көрген соң бәрден ойын процесіне еніп, толығымен ашылды. Ал бұл психологқа толық

бақылау жүргізіп, коррекциялық жұмыстарды жасауға мүмкіндік берді. 2 ай үздіксіз жұмыстан кейін балада оң нәтиже байқала бастады. Әрине, бұл кейсте логопед маманымен бірлесіп отырып жұмыс жүргізілуі қажет.

*Кейс №3:* Шамадан тыс ашушаң, коммуникацияға түскісі келмейтін, өзінің сыныптастарымен тіл табыса алмайтын және ақпараттарды қабылдап, сүзгіден өткізуге қиналатын 8 жасар бала психолог қабылдауына келді. Диагностикалық тапсырмаларды жасата отырып, баланың өз қатарластарынан дамуының кешеуілдеп жатқандығы байқалды. Баламен төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Алдымен баланың көңілін аулап сеніміне ену үшін ойыншықтар тізбегі көрсетілді. Қалаған ойыншығымен ойнау арқылы бала өз қалауын жасап, өзінің шешімінің дұрыс екендігіне сеніп, жанындағы психологқа оның таңдауын құрметтегені үшін сенім артатын болады. Алғашында баланың жазу және сызу дағдыларының деңгейі тексерілді.

*Candy ойыны* - ағаш материалдан жасалған кэмпиттер имитациясы. Мұнда 41 дана кэмпиттер бар. Әр кэмпитте түрлі түстер болады. Ойынды жеке, жұппен және топпен ойнауға болады. Алғашқы уақыттарда бала тек психологпен ойнап, ойынның шарты мен негізгі ережелерін толық түсініп алуы қажет. Ортаға түстер белгіленген сүйек лақтырылады. Сол сүйекте қандай түстер бар болса, сол түстері сәйкес келетін кэмпитті таңдап, соны жинайтын болады. Бала ойын барысында түстерді танып, бір бірінен ажыратады. Әр дұрыс жауап берген сайын көңіл күйі көтеріліп, сенімділік ұялай бастайды. Жылдамдығы артып, зейіні шоғырланады. Жұппен немесе топпен ойын ойнау кезінде бала өз қатарластарымен жарысу арқылы бәсекеге қабілеті арта бастайды.

*Shary ойыны* – жоғарыда аталған Candy ойынына ұқсас, тек түстердің орнына геометриялық фигураларды тауып ойнауы қажет. Фигуралар: шаршы, үшбұрыш, дөңгелек. Гүл формасы, жүрек формасы, жұлдыз. Ойынды ойнау арқылы бала фигураларды жаттап, бір бірінен ажыратып үйренеді. Аталған ойындарды ойнау жеңілінен қиынға принципі бойынша жүргізіледі. Демек, алдымен бір фигураны табу, одан соң екі фигураны табу, содан соң үш фигураны бірден табу шарты қойылады. Бұл ойын баланың көру аймағын да арттырады.

Жалпы білім беретін мектептердің үлгерімі төмен оқушыларына жүргізілген жаппай сауалнамалар олардың жартысына жуығы психикалық дамуы тежелген балалар екенін көрсетті. ПДТ – бұл дамудың ауытқуы, ол көбінесе оқытудың бастапқы кезеңдерінде кездеседі және білімді, дағдылар мен дағдыларды игеру, оқу талаптарына бейімделу қиындықтарында көрінеді. Осы қиындықтардың негізінде жатқан себептерді зерттеу қарастырылып отырған санаттағы балалардың клиникалық-физиологиялық және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері және олардың қалыпты дамып келе жатқан және ақыл-есі кем мектеп оқушыларынан айырмашылығы туралы ақпараттың жинақталуына әкелді [7].

ПДТ-дің негізгі (ядролық) түрі инфантилизм болып саналады. Аномальды дамудың осы формасы бар балалардағы олардың көріністерінің жиынтығы бойынша психикалық жетілмегендік уақытша, оқу процесінде өтеледі. ПДТ-дің ең көп таралған түрлерінің бірі церебральды органикалық ПДТ болып саналады. Мидың минималды дисфункциясына байланысты ПДТ-дің осы түрімен

ауыратын балалардағы психикалық бұзылулар тұрақты сипатқа ие.

ПДТ клиникалық дифференциациясы үшін ақау құрылымында жетекші факторды анықтау өте маңызды. Психофизикалық инфантилизм құрылымындағы жетекші фактор-интеллектуалды жеткіліксіздікпен әр түрлі үйлесетін эмоционалды-ерікті саланың жетілмегендігі (немесе кейбір жеткіліксіздігі). Церебральды-органикалық Генезис кезінде көбінесе эмоционалды-ерікті саладағы ауытқулармен үйлесетін интеллектуалды жеткіліксіздік жетекші фактор болып табылады [8].

*Жұмыс барысы:* бастапқы 10 сабақ бейімделуге арналады. Одан кейінгі сабақтар диагностикалау және түзету бағыттарына арналады. Бастапқы 10 сабақ көлемінде бала психологқа және орталыққа және жұмыс жасау аймағына бейімделуі шарт. Осы уақыт аралығында бала мен психолог арасында сенімділік альянсы орнайды. Одан кейінгі сабақтар диагностикалау және түзету бағыттарына арналатын болады. Баламен жұмыс жасау барысында ойыншықтар мен ойын терапиясын пайдаланудың артықшылығы сөйлескісі келмей, психологқа ашылмайтын балалар ақырындап үйренгеннен кейін өзінің қалауларын айта бастайды. Баламен жұмыс жасау барысында оның ішінде болып жатқан өзгерістер мен қиындықтарды сұрап алу қиынға соғады. Себебі ол ересектер секілді өз қалауын бірден жайып сала алмайды. Сол себептер де ойындар орасан зор көмегін тигізеді.

**Қорытынды.** Бастауыш мектеп жасы – бұл баланың өміріндегі ерекше кезең, онда жетекші іс-әрекет-ілім негізінде психиканың дамуы жүреді. А.Н.Леонтьев біз мұндай іс-әрекетті жетекші деп атаймыз, оның дамуына байланысты баланың психикасында негізгі өзгерістер болады және оның ішінде оның дамуының жаңа жоғары сатысына өтуге дайындайтын психикалық процестер дамиды деп жазды. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларында пайда болатын және дамиды психологиялық ісіктер оқу іс-әрекеті қалыптасқан кезде келесі жас кезеңінде дамуды қамтамасыз ететін негіз болып табылады [9].

Ойын терапиясы балалармен жұмыс жасаудағы таптырмас құрал. Сонымен қоса, бұл тақырып Қазақстанда әлі де толық зерттеуді талап етіп отыр. Бұл ғылыми мақалада кіші мектеп жасындағы балаларда жиі кездесетін қиындықтарды кейс ретінде ала отырып, оларды түзету үшін пайдаланылған ойындардың түсіндірмесі берілді. Соның ішінде ЗТГБ, СДК, ПДТ сынды синдромдар мен симптомдар талқыланды, алайда ойын терапиясын негізге ала отырып 2016 жылдан бері жұмыс жасайтын бұл орталыққа балалар мен олардың ата-аналары түрлі мәселелермен келуде. Атап айтқанда: аутизм, даун синдромы, церебральды-паралич, есте сақтау қабілетінің төмендігі, топпен және жұппен жұмыс жасау қабілетінің төмендігі сынды мәселелер. Ал ойын терапиясы осы мәселелерді алдын алу мен түзету үшін пайдаланылған негізгі құрал болды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Билуха, Н. П. Методология научных исследований: Учебник [Текст] / Н.П. Билуха. — К.: АБУ, 2002. — с. 319—328.
2. Дружинин, В. Н. Экспериментальная психология [Текст] / В.Н. Дружинин. — СПб.: Питер, 2002.
3. Баранов, А.А, Белоусов, Ю.Б, Бочков, Н.П, и др. Синдром дефицита внимания с гиперактивностью: этиология, патогенез, клиника, течение, прогноз, терапия, организация

- помощи (экспертный доклад). Москва, программа «Внимание» «Чаритиз Эйд Фаундейшн» в РФ. М., 2007;64.
4. Гвоздев, А.Н. Вопросы изучения детской речи [Текст] / А.Н. Гвоздев. — СПб.:Изд-во РГПУ, 2008
  5. Миронова, С.А. Развитие речи дошкольников на логопедических занятиях: кн. для логопеда [Текст] / С.А. Миронова. — М.: Просвещение, 1991. — 208 с
  6. Ушакова, О.С. Развитие речи дошкольников [Текст] / О.С. Ушакова. — М.:Изд-во Ин-та психотерапии, 2001. — 256 с
  7. Актуальные проблемы диагностики ЗПР у детей. М., 1982. 126 с.
  8. Ковалев, В.В. Семиотика и диагностика психических заболеваний у детей и подростков. М., 1985. — 286 с.
  9. Захарова, Т.Г. Психологические особенности воображения детей младшего школьного возраста [Текст] / Т.Г. Захарова, А.А. Кравцова // Герценовские чтения. Начальное образование. 2015. Т. 6. № 1. —С. 37–43.

*Мақала редакцияға 10.07.24 түсті.*

**С.С. Букешова\***

*Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

**А.Т. Сахыбаева**

*ТОО «Intellectum Тараз», центр развития детей «MEGA Тұлға» , Тараз, Казахстан*

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВОЙ ТЕРАПИИ В ПРОВЕДЕНИИ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

**Аннотация:** проблема проведения коррекционной работы для детей младшего школьного возраста актуальна на сегодняшний день. В данной научной статье авторы предлагают детям школьного возраста использовать игрушки и игры в качестве средства проведения коррекционных занятий. Игровая терапия является инструментом, который можно использовать при работе как с детьми, так и с их родителями. Для наглядности исследовательской работы в статье были использованы метод анкетирования, библиографический метод, метод наблюдения. Кроме того, были представлены кейтер из реальных ситуаций и показаны игры, использованные для корректирующей работы, и их руководство. В качестве исследовательской базы был приобретен детский развивающий центр «MEGA Тұлға», который с 2016 года работает на основе игровой терапии в городе Тараз. Центр принимает детей в возрасте от 3 до 14 лет и проводит их коррекционную работу. В центре представлены более 30 видов игрушек, повышающих интеллектуальные способности детей. В процессе правильного общения с детьми и проведения коррекционной работы необходимо правильно подобрать специальные средства. А игровая терапия в данном случае становится универсальной. Несмотря на то, что в зарубежных странах это направление психологии развивалось, в Казахстане сейчас уделяется внимание и изучается. Поэтому тема и направление статьи не теряют своей актуальности.

**Ключевые слова:** игровая терапия, дети, психолог, младший школьный возраст, коррекционная работа, внимание, гиперактивность, речевое развитие, психические процессы

**S.S.Bukeshova\*** - *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*  
**A.T.Sakhybayeva** - *«Intellectum Taraz» LLP, «MEGA Tulga» Child Development Center,*  
*Taraz, Kazakhstan*

## THE USE OF PLAY THERAPY IN CORRECTIONAL WORK FOR SCHOOL-AGE CHILDREN

**Abstract:** the problem of correctional work for children of primary school age is relevant today. In this scientific article, the authors suggest that school-age children use toys and games as a means of conducting remedial classes. Play therapy is a tool that can be used when working with both children and their parents. To illustrate the research work, the article used the questionnaire method, the bibliographic method, and the observation method. In addition, caterers from real situations were presented and the games used for corrective work and their guidance were shown. The MEGA Tulga children's development center was acquired as a research base, which has been operating on the basis of play therapy in Taraz since 2016. The center accepts children aged 3 to 14 years and conducts their correctional work. The center presents more than 30 types of toys that enhance children's intellectual abilities. In the process of proper communication with children and correctional work, it is necessary to choose the right special tools. And game therapy in this case becomes universal. Despite the fact that this area of psychology has developed in foreign countries, attention is now being paid and studied in Kazakhstan. Therefore, the topic and direction of the article do not lose their relevance.

**Keywords:** play therapy, children, psychologist, primary school age, correctional work, attention, hyperactivity, speech development, mental processes

### References

1. Bilukha, N.P. Metodologiya nauchnyh issledovaniy [Methodology of scientific research]: Textbook [Text] / N.P. Bilukha. — K.: ABU, 2002. — pp. 319-328.
2. Druzhinin, V. N. Eksperimental'naya psihologiya [Experimental psychology] [Text] / V.N. Druzhinin. — St. Petersburg: Peter, 2002.
3. Baranov, A.A., Belousov, Yu.B., Bochkov, N.P., etc. Sindrom deficita vnimaniya s giperaktivnost'yu: etiologiya, patogenez, klinika, techenie, prognoz, terapiya, organizaciya pomoshchi (ekspertnyj doklad) [Attention deficit hyperactivity disorder: etiology, pathogenesis, clinic, course, prognosis, therapy, organization of care (expert report)]. Moscow, the "Attention" program of the "Charity Aid Foundation" in the Russian Federation. M. 2007;64.
4. Gvozdev, A.N. Voprosy izucheniya detskoj rechi [Questions of studying children's speech] [Text] / A.N. Gvozdev. — St. Petersburg: Publishing house of RSPU, 2008
5. Mironova, S.A. Razvitie rechi doshkol'nikov na logopedicheskikh zanyatiyah: kn. dlya logopeda [Speech development of preschoolers in speech therapy classes: book for a speech therapist] [Text] / S.A. Mironova. — M.: Enlightenment, 1991. — 208 p
6. Ushakova, O.S. Razvitie rechi doshkol'nikov [Speech development of preschoolers] [Text] / O.S. Ushakova. — M.: Publishing House of the Institute of Psychotherapy, 2001. — 256 p.
7. Aktual'nye problemy diagnostiki ZPR u detej [Actual problems of diagnosis of ZPR in children]. M., 1982. 126 p.



8. Kovalev, V.V. Semiotika i diagnostika psichicheskikh zabolevanij u detej i podrostkov [Semiotics and diagnosis of mental diseases in children and adolescents]. M., 1985. – 286 p.
9. Zakharova, T.G. Psihologicheskie osobennosti voobrazheniya detej mladshego shkol'nogo vozrasta [Psychological features of the imagination of children of primary school age] [Text] / T.G. Zakharova, A.A. Kravtsova // Herzen readings. Primary education. 2015. Vol. 6. No. 1. – pp. 37-43.

**Мақалаға сілтеме:**

*Букешова, С.С. Мектеп жасындағы балаларға коррекциялық жұмыс жүргізуде ойын терапиясын пайдалану [Мәтін] / С.С. Букешова, А.Т. Сахыбаева // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №3. – Б.223-231 <https://doi.org/10.55956/KBFK7758>*